



Есенқұл Сафуани,

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама секторының жетекші ғылыми қызметкері

ТЕРМИН – ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТИЛЕРДІҢ НЕГІЗІ

Заң тілі мен мәтінінің проблемасы филология (тіл таным) және заң ғылымдарының зерттеу саласына жатады. Қазіргі кезде ғылымның заңи лингвистика және заңның лингвистикалық негізі болып табылатын саласын дамыту проблемасы күнделікті практикада жиі кездеседі. Бүгінде заң мәтіндерін ресімдеуде тілдің айқындығы, нақтылығы, заң нормаларына қатысты дәлдігі өзекті мәселеге айналып отыр.

Заң шығаруды бізден бірнеше жүздеген жылдар бұрын бастаған елдердің өзінде заң тілінің өзіне тән табиғатын саралауға байланысты проблеманың теориялық және практикалық маңызы әлі күнге дейін лингвистика ғылымының жеке-дара зерттейтін объектісіне айналып отыр. Осы орайда заң тілінің проблемасын шешумен тек заңгерлер айналысуда. Алайда, бүгінгі таңда заңгер ғалымдардың еншісінде қалып отырған заң тілінің өзіндік ерекшеліктерін зерттеу тиісті дәрежесінде жүріп жатыр деп айта алмаймыз. Ал біздің елімізде бірен-саран заңгер, лингвист ғалымдар мен практик аудармашылардың арақідік айтқан пікірлері болмаса, бұл әлі түрен түспей, тың жатқан сала.

Заң шығармашылығы мәдениеті заң мәтінінің қисынды, дәйекті баяндалуын, қалың көпшілікке ұғынықты, түсінікті әрі қарапайым болуын көздейді. Заңның логикасы, стилі, тілі – заң шығару техникасының элементтері, олардың негізгі арналымы заңнамада қамтылған нормативтік құқықтық ұйғарымдарды дұрыс түсінуді, құқықтық қатынастар субъектілерінің заңда баяндалған құқық нормаларының талаптарын дұрыс қабылдауды қамтамасыз етеді.

Заң шығармашылығында стил мен тілдің маңызына аса жауапкершілікпен қарау талап етіледі. Өйткені қоғамдық практикада қате құрылған сөйлем, сөз тіркесі, ой мен оның мәтіндік баяндалуындағы алшақтық, қате немесе орынсыз қолданылған сөз заң шығару саласында

өте ауыр, тіпті қайғылы салдарға әкеп соғуы әбден мүмкін. «Заң логикасының бұзылуы, оның екіұшты тұжырымдалуы, пайдаланылған терминдердің айқын еместігі көптеген сұрақтар туғызады, қосымша толықтыруды, түсінік беруді, түсіндірме жасауды қажет етіп, уақытты босқа өткізіп, көп күш-жігер жұмсауға алып келеді, заңның ойын бұрмалап, оны теріс қолдануға мүмкіндік береді. Заң мәтіні неғұрлым жетілдірілсе, оны іске асыру кезінде қиындық соғұрлым азаяды.» [1].

Мысалы, Қазақ тіліндегі заңдарда «реконструкция» термині – «қайта құру», «қайта жаңғырту», «реконструкция» деп, үш түрлі мағынада алынып жүр. Қазақ тіліндегі заңдарды, ресми құжаттарды іс жүзінде қолданатындардың: нормативтік актілердің орыс тіліндегі нұсқасын оқымасам, қазақ тіліндегісін түсінбеймін, дейтін кәніратының басты себебі осында жатыр. Сезімге берілмей, осы кінәратқа сабырмен ой тоқтатар болсақ, ол – шындық. Себебі біз заң нормаларын іске асырған кезде «мен осылай ойлаймын», «қазақ осылай айтады ғой», «Пәленшекең де, Түгеншекең де осылай деп жүр ғой» деген сияқты, сүйенетін негізі жоқ сөздерге емес, сөздікке, түсіндірме сөздікке, энциклопедиялық сөздікке сүйенуіміз керек. Ендеше қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «қайта құру – саяси. Қоғамдық, экономикалық жүйені басқаша ұйымдастыру.». [2] Ал «реконструкция [лат. rekonstructio] – Бір нәрсені жаңаша қайта құру, қайта жабдықтау, өзгерту ісі.». [3] Ал Шет елдер сөздерінің жаңасөздігінде: «Реконструкция [ре... + лат. constructio построение] 1) коренное переустройство, перестройка ч.-л. с целью усовершенствования, напр. Р. химкомбината; 2) воссоздание первоначального вида ч.-л. по сохранившимся остаткам или описаниям, напр. Р. облика неандертальца по найденному черепу; 3) Р. лингвистическая – воссоздание исчезнувших языковых форм на основе их

позднейших отражений в языке.». [4]

Бұл ретте әрбір терминді тек өз мағынасында қолдану керектігін көріп отырмыз. Сондықтан да бір заңның аясында көп мағыналы сөздерді, омонимдерді және ұқсас синонимдерді пайдалану жөн болмайды. Бұл пікіріміздің дәлелі ретінде «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңның 18-бабын еске салсақ, артық болмас.

«Тіл заңның бастапқы негізі, оның өзара тығыз байланысқан көптеген лексикалық бірліктерінен – заң шығарушылардың еркін бір мағынада және айқын білдіруге тиіс сөздерден (терминдерден) тұратын тұтас организм болып табылады. Норма шығармашылығы технологиясының бүкіл кешенінің қазіргі заманғы деңгейін қамтамасыз еткен жағдайда ғана құқық нысанасының ең жоғары деңгейдегі дәлдігіне қол жеткізу мүмкін болады.» [5].

Сөздің лексикалық және грамматикалық мәні өзара тығыз байланыста болады, сондықтан да лексикалық мәннің өзгеруі көбінесе сөздің грамматикалық сипаттамасының өзгеруіне, тиісті жаңа сөздің пайда болуына алып келеді.

Заң терминдері мен басқа да терминдер заңнамалық актілер тілінің негізі болып табылады. Заң мәтінінің айқындығы мен қисындылығы терминнің дәлдігі мен бірізділігіне байланысты. Қазіргі заманғы түсіндірме сөздіктердегі «арнайы» деген белгісі бар сөздер профессионализмге жатады, олар білімнің белгілі бір салалары еңбектерінің мәтінінде қолданылады. Арнайы терминдердің арасында заңнама тілінің функционалдық арналымына сай келетін заң терминологиясын бөліп көрсеткен жөн. Заңнама тіліндегі терминдерге қойылатын талаптар А.С. Пиголкиннің және басқалардың еңбектерінде неғұрлым толық тұжырымдалған. Олар:

- «құқықтық ұғымның белгіленетін мазмұнын екіұшты емес, дәл бейнелеу, терминдердің айқын емес, көп мағыналы, бұлыңғыр, нақтыланбай ресімделуіне жол бермеу;

- терминдерді тікелей және жалпыға белгілі мағынасында пайдалану;

- терминдердің қарапайымдылығы мен түсініктілігі;

- ескірген және әдеби тілде белсенді қолданылмайтын сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланудан бас тарту;

- әдетте, жалпы жұрт қабылдаған және әдеби тілде орныққан, кеңінен қолданылып жүрген терминдерді пайдалану;

- заң терминдерін пайдалануда тұрақтылық пен тұрлаулылық;

- заң терминдерінің әуезділігі және стилистикалық дұрыстығы;

- аббревиатура-терминдерді және екі немесе одан да көп сөздерден құралған қысқарған сөздерді шектен тыс қолданудан бас тарту;

- терминологияның бірлігін қамтамасыз ету үшін мүмкіндігінше бір түбірлі, құқықтық ұғымдарға мазмұны жөнінен жақын, ұқсас атауларды пайдалану;

- терминдерді қалыптастырудың барынша қысқалығы.» [6].

Демек, Д.В. Чухвичевтің: «Заңнамалық тұжырымдауды бірегейлендіру, стандарттау – оларды дұрыс және бірізді түсінудің қажетті шарты. Заңды әзірлеу кезінде арнайы терминологияны пайдалану, қолданылатын терминдердің барлық нормативтік құқықтық актілерде бір мағынада болуын көздейді. Басқаша болған жағдайда заңнаманы бірізді түсіну және түсіндіру мүмкін болмас еді.» [7] деп атап көрсетуін әділетті демеске амалымыз жоқ.

Сонымен, заңнамалық актілер тілінде арнайы терминдерді пайдалануды шектеу талабы заңнама тіліне қойылатын айқындық, бір мағыналық, баяндау нақтылығы талаптарына сай келеді. Бұл құқық қолдану практикасын жетілдіреді. Өйткені заң тек мамандарға ғана емес, қарапайым адамдарға да түсінікті болуы керек.

Заңи лингвистика тұрғысынан қарағанда, заң тілі, яғни норма шығарушылардың – құқық нормаларын әзірлеушілердің ресми тілі әдеби тілдің функционалдық стилі болып табылады. Ол ресми іскерлік стилдің, яғни мемлекеттің өзінің билік органдары арқылы құқықтық қатынастардың басқа субъектілерімен – азаматтармен, заңды тұлғалармен, азаматтар бірлестіктерімен және басқалармен қарым-қатынас жасайтын тілдің белгілі бір түрі ретінде қолданылады. Сондықтан да әдеби тілдің бұл стиліне неғұрлым толық сипаттама беру үшін норма шығару тіліне – заң тіліне тән ерекшелікті атап көрсеткен орынды болады.

А.Г. Решетниковтің «Особенности языка законодательства» атты еңбегіндегі мына тұжырымын түпнұсқада беруді жөн көрдік: «наряду с письменной формой, свойственный всем книжным стилям, для которых характерны подготовленность, обдуманность, язык законодательства как инструмент, специально предназначенный для регулирования общественного поведения, характеризуется императивной модальностью особого рода.

Исключением являются так называемые управомочивающие и рекомендательные нормы права, если употреблять для их классификации известное деление норм права по способу и методу правового регулирования. Тем не менее, приоритетным методом правового регулирования, применяемым нормодателями даже в современных условиях, является императивный (властный, предписывающий) метод.» [8].

Ресей Мемлекеттік Думасы Аппараты Құқық басқармасының бастығы, заң ғылымының докторы, профессор В.Б. Исаков өзінің жеке сайтында мынадай пікір білдірген: «Заң нормаларын жасаудың, түсіндірудің және қолданудың ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан практикасы заң тілін – адамзат ұстанымын нормативтік реттеу міндетіне барынша сай келетін ерекше стилін қалыптастырды. Кәсіпқой заңгерлердің санасында құқық тілі – олардың күнделікті қызметінің құралы ғана емес, мұқият көзқарасты және қорғауды талап ететін орасан зор мәдени құндылық екендігінің айқын түсінігі орнықты. Өкінішке қарай, заң шығарушы заң техникасының қағидасын, құқық тілінің нормалары мен талаптарын ерікті түрде немесе еріксіз бұзатын мысалдарды жиі келтіруге болады. Заң шығарушы заң тілінің нормалары мен талаптарынан жиі ауытқып, оны міндетті деп есептейді», дей келе, «неге бұлай?» - деген сұрақ қойып: «... Ресей парламентаризмі айтарлықтай

жас ... көптеген жылдардан бері балама негізде Парламентке сайлау 1989 жылы өткізілді.» [9] деп тұжырымдайды.

Ал Қазақстан парламентаризмі тарихында ұлттық заң тілі аударма арқылы қалыптасуда. 1938 жылдан бастап Қазақ ССР Жоғарғы Советі қабылдаған заңнамалық актілер мен ресми құжаттар орыс тілінен қазақ тіліне жүйелі түрде аударылып келеді. 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстанның тәуелсіздік декларациясы жарияланып, еліміз егемен мемлекет болған кезден бері де заңнама мәтінін орыс тілінен қазақ тіліне аудару практикасы жалғасып келеді. Алғашқы 10-15 жыл бойы: «заң қазақ тіліне еркін, түсінікті, жатық тілмен аударылу керек деген қағидатты берік ұстанып, аудармаға көркем әдебиет өкілдері көптеп тартылды. Соның нәтижесінде бірқатар терминдер 3-5 түрлі жазылу практикасы етек алып: «нормативные акты» - «қалыптық құжат», «қалыпты құжат»; «двойное налогообложение» - «қос салық», «қосарланған салық», «екіұдай салық», «номинальный стоимость» - «көрсетілген құн», «атаулы құн», «нақты құн», «нақтылы құн», деп аудармашылардың адасқанымен қоймай, заңды орындаушыларды адастырған жағдайымыздың болғанын жасыра алмаймыз. Соңғы жылдарда тәжірибелі, маманданған заң аудармашыларының күш-жігерімен арнайы сөздіктер шығарылып, қазақша заң тілі дұрыс қалыптасып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Керимов Д.А. Культура и техника законотворчества. – М.: Юридическая литература, 1991. – 145 с.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 9-том. 744 бет.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 12-том. 752 бет.
4. Новый словарь иностранных слов., Москва, Минск. АСТ ХАРВЕСТ 2005. 846 с.
5. Крюкова Е.А. О средствах достижения точности выражения правовых норм. [Электрон. ресурс]. Режим доступа: <http://www.pvlast.ru/archive/index.31.php>.
6. Пиголкин А.С. Подготовка проектов нормативных актов. – М.: Юридическая литература, 1996. – 147 с.
7. Чухвичев Д.В. Логика, стиль и язык закона. [Электрон. ресурс]. Режим доступа: <http://www.lawmix.ru/comm/1996/>.
8. Решетников А.Г. Особенности языка законодательства // Труды СГУ. Выпуск 11. Серия «Филология. Языкознание». – М.: Изд-во СГУ, 1998. С. 17-23.



Бұл мақалада заңнама тілі мен стиліне қойылатын талаптарға талдау жасалып, заң терминімен тілдің байланысына назар аударылған. Заң тілінің ерекшеліктеріне тоқталып, оны қалыптастыруға қатысты ғылыми пікірлер берілген.

Түйін сөздер: заңнама тілі, байланыс, қалыптастыру.

В этой статье анализируются требования к законодательному языку и стилю, уделено большое внимание связи между терминами и языку законодательства. Отмечены особенности законодательского языка и приведены научные взгляды по его формированию.

Ключевые слова: законодательский язык, связь, формирование.

In this article requirements are analysed to the законодательскому language and style, large attention of connection is spared between terms and to the language of legislation. The features of законодательского language are marked and scientific looks over are brought on his forming.

Keywords: legislative language, communication, formation.

Есенкүл Сафуани,

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама секторының жетекші ғылыми қызметкері

Термин – заңнамалық актілердің негізі

Есенкул Сафуани,

ведущий научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы проектов НПА и международных договоров Центра лингвистики Института законодательства РК

Термин – основа законодательных актов

Esenkul Safuany,

chief research associate of of the Linguistic Center of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan

The term - the basis of legislation